**"ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 желтоқсан N 1990

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңда белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовтың "ҚХЖБ"-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы лауазымына тағайындалуын қамтамасыз етсін, Ермек Қабиұлы Оқаев бұл қызметтен босатылсын;

2) "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" және "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" акционерлік қоғамдарының Директорлар кеңестерінің құрамдарына тиісті өзгерістер енгізсін.

2. "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы"

жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 280

P990280_

қаулысының
күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК